



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

7M01103 – Білім берудегі менеджмент

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Жоғары академиялық стандарттарға сәйкес заманауи менеджмент және білім сапасын басқару саласында мықты білімі мен іскерліктері бар магистрлерді даярлау
КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТ САЛАСЫ	Білім және тәрбие, ғылыми іс-әрекет, білім беруге байланысты мемлекеттік реттеу және басқару

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 – -әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық ғылымдар мен қазіргі заманғы менеджменттің өзекті әдістемелік-философиялық мәселелерін зерттейді;

ОН2 – басқарудың бастау көздері бойынша классикалық менеджменттің теориялық білімін практикада қолданады; заманауи білім беру қызметтері мен инновациялар саласындағы білімді басқару мәселелерін бағалайды;

ОН3 – кәсіби құзыреттілік және стратегиялық жоспарлау саласындағы міндеттерді шешеді, білім сапасын басқаруға әсер ететін факторларды анықтай алады;

ОН4 – менеджменттің барлық бағыттары бойынша теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын практикада қолданады, басқарушылық міндеттерді шешу мақсатында әртүрлі ғылымдардан білімін жинақтайды, негізгі ойларын шет тілінде баяндайды;

ОН5 – жобалау және диссертациялық жұмыстарды орындау үдерісінде ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасын қолданады; зерттеу мәдениетін меңгерген, білім беру жүйелерін басқарудың заңдылықтарын, принциптерін, технологиялары мен әдістерін ескереді;

ОН6 – адам ресурстарын басқару саласындағы қазіргі заманғы тұжырымдамаларды бағалайды;

ОН7 – операциялық және HR-менеджменттің өзекті мәселелерін талқылау және сыни талдау мақсатында ситуациялық кейстер мен практикалық тапсырмаларды әзірлейді;

ОН8 – әртүрлі білім беру жүйелеріне тән басқару үдерістерін моделдейді, оларды қазіргі білім беру нарығының шынайылығына сәйкестендіреді;

ОН9 – қазіргі менеджердің кәсіби іс-әрекетін және кроссмәдени менеджменттің ерекшеліктерін реттейтін ұлттық және халықаралық стандарттарды қолданады;

ОН10 – әріптестермен бірігіп, командада жұмыс істеуге және корпоративтік рухты дамытуға дайын;

ОН11 – өнімді ұйымдастыру-басқару шешімдерін табады және оларға жауапкершілік алуға дайын екендіктерін көрсетеді;

ОН12 – қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында адам ресурстарын басқарудың гуманистік ұстанымдарын басшылыққа алады